

**М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университетінде жұмыс
берушілер мен түлектер қауымдастығымен ынтымақтастықты
ұйымдастыру туралы
(2024–2025 жж.)**

Университеттің білім беру сапасын арттыру, студенттердің кәсіби қалыптасуын қамтамасыз ету және оларды табысты жұмысқа орналастыру мақсатында жұмыс берушілер мен түлектер қауымдастығымен жүйелі ынтымақтастық жұмыстары жүзеге асырылады. Бұл өзара байланыс білім беру, ғылым және өндіріс арасындағы тиімді әріптестікті нығайтуға бағытталады. Аталған жұмыс бағытының басты мақсаты – еңбек нарығының талаптарына жауап беретін, бәсекеге қабілетті, жоғары білікті мамандар даярлау ісін жетілдіру және университеттің даму басымдықтарын іске асыруға серіктестерді тарту болып табылады.

Ынтымақтастық аясында:


- білім беру бағдарламаларын еңбек нарығының сұранысына сәйкес жетілдіру бойынша ұсыныстар қарастырылады;
- студенттердің тәжірибелік даярлығын күшейту және олардың кәсіби дағдыларын дамыту жолдары айқындалады;
- инновациялық жобаларды бірлесіп жүзеге асыру және олардың нәтижелерін тәжірибеге енгізу мүмкіндіктері талқыланады;
- отандық және шетелдік серіктестерді тарту арқылы білім беру сапасын арттыру шаралары қолға алынады;
- ғылыми зерттеулер мен халықаралық ынтымақтастықты дамыту бағыттары кеңейтіледі;
- университеттің материалдық-техникалық базасын нығайтуға бағытталған бастамалар қолдау табады;
- түлектерді жұмыспен қамту және мансаптық даму мәселелері бойынша нақты ұсыныстар беріледі;
- кәсіби біліктілікті арттыру және қайта даярлау бағытындағы бірлескен жұмыстар жүргізіледі;
- дарынды студенттер мен оқытушыларды қолдау шаралары қарастырылады;
- ақпараттық және қоғамдық маңызы бар іс-шараларды ұйымдастыру бойынша серіктестік орнатылады.

Бұл бағыттағы жұмыстар тұрақты түрде жүргізіліп, қажет болған жағдайда арнайы іс-шаралар, пікір алмасу алаңдары, дөңгелек үстелдер мен форумдар, жәрмеңкелер ұйымдастырылады. Іс-шараларға түрлі саладағы жұмыс берушілер, түлектер қауымдастығының мүшелері, ғылыми және білім беру ұйымдарының өкілдері, мемлекеттік органдар мен қоғамдық бірлестіктер қатыса алады. Қатысушылар құрамы ашық және кеңейтіліп отырады. Өткізілген іс-шаралардың қорытындысы бойынша әзірленген

ұсыныстар университет қызметін жетілдіруге бағытталған кеңес сипатындағы шешімдер ретінде қарастырылады.

М. Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университетінде студенттердің кәсіби даярлығын арттыру, еңбек нарығына бейімдеу және түлектердің жұмысқа орналасуына жағдай жасау мақсатында жұмыс берушілер мен түлектер қауымдастығы өкілдерімен мазмұнды және жүйелі кездесулер ұйымдастырылып келеді. Бұл кездесулер білім беру үдерісін тәжірибемен ұштастыруға, жұмыс берушілердің талаптарын ескеруге және университет пен әлеуметтік серіктестер арасындағы байланысты нығайтуға бағытталған.

2024 жылдың 15 қараша күні университетте Сырым ауданының Абай атындағы кешенді мектеп-балабақшасы мен Бәйтерек ауданының №2 аудандық ауруханасы бірлесіп «Білікті маман – жоғары оқу орнының көрсеткіші» атты дөңгелек үстел өткізді. Іс-шараға білім беру және денсаулық сақтау саласының мамандары, университеттің профессор-оқытушылар құрамы мен психология білім беру бағдарламасының түлектері қатысты. Кездесу барысында қазіргі қоғамдағы білікті маман даярлаудың маңыздылығы, жас мамандарға қойылатын талаптар және кәсіби құзыреттерді дамыту мәселелері жан-жақты талқыланды. Университет өкілдері білім беру бағдарламалары мен студенттерге жасалатын мүмкіндіктер туралы ақпарат берсе, жұмыс берушілер тәжірибелік ұсыныстарымен бөлісті. Бұл кездесу білім беру мен жұмыс берушілер арасындағы байланысты нығайтуға ықпал етті.



2025 жылдың 20 қаңтар күні Батыс Қазақстан облысы бойынша Экология департаментінің өкілдерімен кездесу ұйымдастырылды. Кездесудің негізгі

мақсаты – студенттерді өндірістік тәжірибеге бағыттау, мемлекеттік мекеме қызметімен таныстыру және экология саласындағы кадрлық қажеттіліктер туралы ақпарат беру болды. Іс-шара барысында экологиялық бақылау, қоршаған ортаны қорғау және тұрақты даму мәселелері қарастырылып, студенттерге тәжірибеден өту мен жұмысқа орналасу мүмкіндіктері түсіндірілді. Нәтижесінде университет пен департамент арасындағы ынтымақтастық нығайып, практика базасын кеңейтуге мүмкіндік туды.

2025 жылдың 26 ақпан күні «Қазақстан» РТРК» АҚ Батыс Қазақстан облыстық филиалы өкілдерімен семинар өтті. Кездесу барысында студенттер телеарна жұмысының құрылымымен, жаңалықтар қызметінің ерекшеліктерімен және журналистика саласындағы кәсіби талаптармен танысты. Сонымен қатар, өндірістік және диплом алдындағы тәжірибеден өту тәртібі түсіндіріліп, болашақта жұмысқа орналасу мүмкіндіктері қарастырылды. Бұл кездесу медиа саласына қызығушылық танытқан студенттер үшін маңызды тәжірибе алмасу алаңы болды.



2025 жылдың 9 сәуір күні «АМАНАТ» партиясымен бірлесіп «Қаладан ауылға» атты бос орындар жәрмеңкесі өткізілді. Іс-шара ауылдық жерлердегі маман тапшылығын азайту және түлектерді ауылдық елді мекендерге тарту мақсатында ұйымдастырылды. Жәрмеңке барысында түрлі сала өкілдері бос жұмыс орындары, әлеуметтік қолдау шаралары және мемлекеттік бағдарламалар туралы ақпарат берді. Түлектер жұмыс берушілермен тікелей байланыс орнатып, нақты жұмыс ұсыныстарын алды. Нәтижесінде жастардың ауылдық жерлерде еңбек етуге қызығушылығы артты.



2025 жылдың 17 сәуір күні университетте «Қарашығанақ Петролеум Оперейтинг Б.В.» компаниясының өкілдерімен дөңгелек үстел ұйымдастырылды. Кездесу барысында мұнай-газ саласының ерекшеліктері, өндірістік процестер, еңбек қауіпсіздігі және заманауи технологиялар туралы кеңінен ақпарат берілді. Студенттер өндірістік тәжірибеден өту және кейін жұмысқа орналасу мүмкіндіктерімен танысты. Бұл іс-шара ірі жұмыс берушімен тікелей байланыс орнатуға мүмкіндік беріп, кәсіби бағдар беруде маңызды рөл атқарды.





2025 жылдың 15 мамыр күні университетте «Мансап күні» бос орындар жәрмеңкесі өткізілді. Іс-шараға 60-қа жуық мемлекеттік және жеке ұйымдар, қаржы институттары, өндірістік кәсіпорындар, білім беру және медиа саласының өкілдері қатысты. Жәрмеңке барысында студенттер мен түлектер жұмыс берушілермен тікелей сұхбат жүргізіп, бос жұмыс орындары, тағылымдамалар және мансаптық өсу мүмкіндіктері туралы толық ақпарат алды. Бұл іс-шара түлектердің жұмысқа орналасуына нақты мүмкіндік беретін тиімді алаң болды





2025 жылдың 26 мамыр күні «IT Group Kazakhstan» компаниясының қатысуымен ІТ-форум өтті. Форум барысында ақпараттық технологиялар саласындағы заманауи бағыттар, еңбек нарығындағы талаптар, бағдарламалау, киберқауіпсіздік және деректерді талдау мәселелері қарастырылды. Студенттер компания өкілдерімен тікелей байланыс орнатып, тәжірибеден өту және жұмысқа орналасу мүмкіндіктері туралы ақпарат алды. Бұл кездесу цифрлық саладағы кәсіби бағытты дамытуға ықпал етті.



2025 жылдың мамыр айында Бөрлі ауданы, Бәйтерек ауданы және Бөкей ордасы аудандарының мансап орталықтарымен бірлескен кездесулер өткізілді. Бұл кездесулердің негізгі мақсаты – ауылдық жерлердегі кадр тапшылығын азайту, жас мамандарды өңірлерге тарту және еңбек

нарығындағы сұранысқа ие мамандықтар туралы ақпарат беру болды. Кездесулер барысында түлектерге әлеуметтік қолдау шаралары, мемлекеттік бағдарламалар және жұмысқа орналасу мүмкіндіктері түсіндірілді. Нәтижесінде жастардың ауылдық жерлерде жұмыс істеуге қызығушылығы артты.



2025 жылдың 30 мамыр күні «Talrun» жастар жәрмеңкесі ұйымдастырылды. Аталған іс-шараға университет студенттері мен түлектері белсенді түрде қатысып, өздерінің кәсіби бағыттарын айқындауға және болашақ мансаптық мүмкіндіктерін бағалауға мүмкіндік алды. Жәрмеңке барысында қатысушыларға мемлекеттік және жеке сектордағы бос жұмыс орындары, тағылымдамадан өту бағдарламалары, стартап жобаларды дамыту мүмкіндіктері және кәсіби өсу жолдары туралы кең көлемде ақпарат ұсынылды. Сонымен қатар, жұмыс беруші ұйымдардың өкілдерімен тікелей байланыс орнатылып, студенттер өздерін қызықтырған сұрақтарын қойып, нақты жауаптар алды. Іс-шара аясында жас мамандарға еңбек нарығындағы сұранысқа ие мамандықтар, жұмысқа орналасу талаптары және кәсіби дағдыларды жетілдіру жолдары түсіндірілді. Сондай-ақ, кәсіпкерлікке қызығушылық танытқан жастарға стартап жобаларды іске асыру, гранттық қолдау және бизнес бастау бойынша кеңестер берілді.

Нәтижесінде жәрмеңке университет студенттері мен түлектерінің кәсіби бағдарын нақтылауға, олардың еңбек нарығына бейімделуіне және жұмыс берушілермен тиімді байланыс орнатуына елеулі ықпал етті.



2025 жылдың 18 шілде күні «JOB START» жастар тәжірибесі жәрмеңкесі өткізілді. Іс-шара барысында «Жастар тәжірибесі», «Алғашқы жұмыс орны» сияқты мемлекеттік бағдарламалар таныстырылып, түлектерге алғашқы еңбек жолын бастау мүмкіндіктері ұсынылды. Жұмыс берушілермен тікелей байланыс орнату арқылы жастар нақты тәжірибе мен жұмыс ұсыныстарын алды.



Қорыта келе, жұмыс берушілер мен түлектер қауымдастығымен ұйымдастырылған кездесулер студенттердің кәсіби құзыреттерін дамытуға, тәжірибелік даярлығын арттыруға және еңбек нарығына тиімді бейімделуіне айтарлықтай ықпал етті. Сонымен қатар, университет пен жұмыс берушілер арасындағы серіктестік байланыстар нығайып, түлектердің жұмысқа орналасу мүмкіндіктері кеңейе түсті.

Мансап және жұмысқа орналастыру орталығы жетекшісінің м.а.

Бисенғалиева О.Б.